

**Қару-жарақ, әскери техника, сондай-ақ олардың өндірісімен байланысты шикізаттар, материалдар, жабдықтар, технологиялар және қызметтерге экспорттық бақылау жасаудың автоматтандырылған жүйесін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 30 қантардағы N 120

Жаппай қырып-жоютын қару мен сондай технологиялардың таратылуына жол бермеу, экспорттық бақылаудың халықаралық тәртібіне Қазақстанның тұтасуы, сондай-ақ Экспорттық бақылау саласындағы қазақстан-американ ынтымақтастығы бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасындағы қару-жарақ, әскери техника, сондай-ақ олардың өндірісімен байланысты шикізаттар, материалдар, жабдықтар технологиялар және қызметтерге экспорттық бақылау жасаудың автоматтандырылған жүйесін құру мен оны пайдалану Қазақстан Республикасының Кеден комитетімен, басқа да мұдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесу Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне тапсырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Қазақстан Республикасындағы қару-жарақ, әскери техника, сондай-ақ олардың өндірісімен байланысты шикізаттар, материалдар, жабдықтар, технологиялар және қызметтерге автоматтандырылған экспорттық бақылау жүйесі" техникалық жобасын өзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы ұсыныс енгізсін;

қаржыландыру объектілерін, оларды пайдалану мен барлық алынған техникалық құралдарға иелік ету тәртібін көрсете отырып, Қазақстан Республикасындағы қару-жарақ, әскери техника, сондай-ақ олардың өндірісімен байланысты шикізаттар, материалдар, жабдықтар, технологиялар және қызметтерге байланысты автоматтандырылған экспорттық бақылау жүйесін құрудағы ынтымақтастық пен техникалық көмек көрсету туралы АҚШ-тың Мемлекеттік департаментімен, АҚШ-тың Сауда министрлігімен, АҚШ-тың басқа да мұдделі департаменттерімен және агенттіктерімен қажетті келісімдер жасайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы қару-жарақ, әскери-техника, сондай-ақ олардың өндірісімен байланысты шикізаттар, материалдар, жабдықтар, технологиялар және қызметтерге автоматтандырылған экспорттық бақылау жүйесін құру жөніндегі техникалық жобаны қарасын және оны енгізуде Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне, Кеден комитетіне және басқа да мұдделі министрліктер мен

ведомстволарға көмек көрсетсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жасалған

келісімдерге сәйкес Қазақстандағы қару-жарақ, әскери техника, сондай-ақ олардың өндірісімен байланысты шикізаттар, материалдар, жабдықтар, технологиялар және қызметтерге автоматтандырылған экспорттық бақылау жүйесін құру мәселесі жөніндегі Қазақстан Республикасы мен АҚШ министрліктерінің өзара іс-қимылдары туралы АҚШ Қорғаныс министрлігін хабардар етіп отырын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК